

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ  
МИНИСТРЛІГІ

ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТІЛЕТИН  
ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН  
ҚАУПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ  
КОМИТЕТІ

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ  
ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТІЛЕТИН  
ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН  
ҚАУПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ  
ДЕПАРТАМЕНТІ  
БАС МЕМЛЕКЕТТІК  
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ  
ҚАУЛЫСЫ



МИНИСТЕРСТВО  
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

КОМИТЕТ КОНТРОЛЯ  
КАЧЕСТВА И БЕЗОПАСНОСТИ  
ТОВАРОВ И УСЛУГ

ДЕПАРТАМЕНТ КОНТРОЛЯ  
КАЧЕСТВА И БЕЗОПАСНОСТИ  
ТОВАРОВ И УСЛУГ  
КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ  
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

17.11.2020 г. № 56

Костанай қаласы

город Костанай

**Костанай облысының бас мемлекеттік  
санитарлық дәрігерінің 05.11.2020 жылғы № 54  
қаулысына өзгерістер мен  
толықтырулар енгізу туралы**

Костанай облысының тұрғындары арасында COVID-19 коронавирустық инфекциясының (бұдан әрі - COVID-19) таралуының алдын алу мақсатында «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 07 шілдедегі Кодексінің 9, 36, 102, 104 және 107-баптарына, «Туындау және таралу қаупі төнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық аурулардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 25 ақпандығы № 130 бұйрығына және «Шектеу іс-шараларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 239 бұйрығына, «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруларының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшайту туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 57, «Шектеу карантиндік шаралары және оларды кезең-кезеңімен жеңілдету туралы» 2020 жылғы 23 қазандағы № 58 қаулыларына сәйкес COVID-19 оқиғаларының көп санын тіркеудің жалғасуына байланысты **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. «Шектеу карантиндік шараларын қатаандату туралы» Костанай облысының бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2020 жылғы 5 қарашадағы № 54 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 2-тarmaқтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) Қазақстан Республикасына келетін, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын халықаралық әуе қатынасы жолаушыларының

теріс нәтижесі бар ПТР анықтамаларының болуы (берілген сәтten бастап 3 тәуліктен аспайды);

2) 2-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) жергілікті атқарушы, құқық корғау органдарының, мемлекеттік кірістер, жедел және кезек күттірмейтін медициналық көмек департаментінің, мемлекеттік медициналық мекемелердің, санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің, өрт сөндірудің, авариялық-күтқару және авариялық-техникалық қызметтердің, телекоммуникациялар мен байланыстың қызметкерлерін, жергілікті әскери басқару органдары (әскери комиссариат) қызметкерлерінің ілесіп жүруімен әскерге шақырылуышыларды, сондай-ақ өндірістік процесті қамтамасыз ететін стратегиялық объектілер мен тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету объектілерінің қызметкерлерін қоспағанда, Қостанай облысы елді мекендерінің аумағы бойынша тұрғындардың жүріп-тұруын сағат 22:00-ден 06:00-ге дейін шектеу»;

3) 2-тармақтың 15) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«15) жолаушылар қалааралық қоғамдық көлігінің (автобустар, шағын автобустар, такси) жүруіне тыйым салу»;

4) 2-тармақтың 16) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«16) соңғы аялдамада дезинфекциялау құралдарымен міндетті түрде өндей отырып, отыратын орындардың саны бойынша толтырылатын, қауырт уақытта желіге қоғамдық көліктің барынша шығуымен, барлық есіктерді ашумен, жұмыс күндері сағат 06:00-ден 21:00-ге дейін қоғамдық көлікке қорғаныш маскаларынсыз жолаушыларды жібермеу, демалыс және мереке күндері тоқтата тұрумен, Рудный қаласында 1, 2, 6, 7, 8, 10, 11, 29, 200 "ССКӨБ" АҚ қызметкерлерін тасымалдау үшін сағат 5:00-ден 10:00-ге дейін және сағат 17:00-ден 01:00-ге дейін маршруттар бойынша жүретін қоғамдық көлікті қоспағанда қалалық қоғамдық көліктің жұмысына рұқсат беру»;

5) 2-тармақтың 17) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«17) таксидің сағат 22:00-ден 06:00-ге дейін жүруіне тыйым салу, такси жүргізушилері мен жолаушыларына міндетті түрде бетперде кию»;

6) 2-тармақтың 17) тармақшасынан кейін мынадай редакциядағы 17-1) тармақша толықтырылсын:

«17-1) облыс аумағы бойынша қозғалысты шектеу:

осы қаулыда көрсетілген адамдардан басқа, азаматтардың облыс аумағынан (аумақтарына) және Қостанай, Рудный қалаларының аумағынан (аумақтарына) кіруіне/шығуына тыйым салу;

бұл ретте, облыс орталығы мен Рудный қаласына келуді қоспағанда, облыс тұрғындарының бір ауданнан/қаладан екінші ауданға кедергісіз жүріп-тұруына рұқсат етілсін;

санитариялық блокпост арқылы кедергісіз кіруге / шығуға рұқсат беру (жол парактариң, жұмысқа нарядтарды, жоспар-тапсырмаларды, тауар жүккүжаттарын, іссапар құжаттарын, медициналық мекемелердің жолдамаларын, жеке күәліктерін көрсеткен кезде):

- медициналық көрсеткіштер бойынша кететін және келетін адамдар;
- транзиттік жолаушылар мен жүктөрді автотасымалдаушылар;
- вахталық қызметкерлерді тасымалдайтын көлік құралдары;

- 2-тармақтың 7-тармақшасында көрсетілген көліктер мен тұлғалар;

- көлікті және табиғат қорғау, ветеринариялық, ауыл шаруашылығы іс - шараларын, жол-жөндеу жұмыстарын, авариялық қызметтерді жүргізуге тартылған адамдарды, бірінші кезекте қажетті тауарларды, тамақ өнімдерін, дәрі-дәрмектерді, қатты, сұйық отынды және ЖЖМ жеткізушілерді, сондай-ақ облыстың шаруашылық тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету үшін тауарлары, жабдықтары мен материалдары бар барлық жүк көлігін растайтын құжаттар ұсынылған кезде (мемлекеттік тіркеу туралы қуәлік, жұмыскерлер үшін-жұмыс орнынан мөрмен расталған еркін үлгідегі анықтама);

- құқық белгілейтін құжаттарды ұсынған кезде қала сыртындағы үйлерге (саяжайларға) бару үшін тұрақты тұратын жеріне қайтып келетін адамдар мен облыс тұрғындары (бір отбасы мушелері);

- жұмыс берушінің мөрімен расталған еркін үлгідегі анықтамасы болған кезде тұрғылықты жерінен жұмыс орнына дейін және кері қарай жүріп-тұруға құқығы бар.

Ерекше жағдайларда, осы қаулыда жоғарыда көрсетілгендерді қоспағанда, жекелеген санаттағы адамдарға аудандар мен қалалардың санитариялық бекеттері арқылы шығуға және келуге рұқсат ауданын/қаланың жергілікті атқарушы органының шешімі бойынша берілуі мүмкін;

Санитариялық бекеттерде байланыссыз термометрия жүргізу және тыныс алу аурулары симптомдарының және COVID-19 коронавирустық инфекциясын жоққа шығармайтын белгілердің болуына қашықтықты сақтай отырып саулнама жүргізу жолымен бақылауды қамтамасыз ету.

Жұқпалы ауруларға, оның ішінде COVID-19-ға құдікті адамдар анықталған кезде (тыныс алу белгілерінің болуы: жөтел, температура, ентігу) «103» телефоны бойынша жедел жәрдем шақыруды қамтамасыз ету.

Коронавирустық инфекцияға құдікті адамға жедел жәрдем келгенге дейін қорғау маскасын берініз және қашықтықты қамтамасыз ету»;

7) 2-тармақтың 18) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«18) жұмыс режимін сағат 10:00-ден 20:00-ге дейін шектей отырып, сауда және сауда-ойын-сауық орталықтарының, кешендердің, сауда үйлерінің, сауда желілерінің, азық-түлік емес дүкендердің күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, 1 келушіге толтырылуы 30% - дан аспайтын, кемінде 4 ш. м. қызметіне рұқсат беру;

бұл ретте автомобилдер мен ауыл шаруашылығы техникасына арналған қосалқы бөлшектерді сату жөніндегі объектілердің, ауданы 2000 шаршы метрден астам азық-түлік емес сауда объектілерінің, азық-түлік дүкендері мен олардағы дәріханаларды қоспағанда, сауда-ойын-сауық орталықтарының жұмысы демалыс және мереке күндері тоқтатыла тұрсын»;

8) 2-тармактың 20) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«20) күшейтілген санитариялық-эпидемияга қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтай отырып және жұмыс күндері сағат 9:00-ден 19:00-ге дейін (қатаң түрде алдын ала жазылу бойынша) жұмыс кестесін белгілей отырып, бассейндердің жұмыссыз қоғамдық моншалардың, саunalардың жұмысина рұқсат беру (бір келушіге бір мезгілде келушілердің жобалық

сыйымдылығынан 30% - дан аспайтын қатысуымен 4 ш. м. есебінен) демалыс күндері тоқтатыла тұрысын»;

9) 2-тармақтың 22) тармақшасынан кейін мынадай редакциядағы 22-1) тармақша толықтырылсын:

«22-1) балалар секцияларының, үйірмелердің, факультативтердің жұмысына тыйым салу»;

10) 2-тармақтың 23) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«23) осы тармақтың 44), 45), 46) тармақшаларында жазылған спорттық іс-шараларды өткізуді қоспағанда, жабық спорт объектілерінің (спорт кешендері, спорт мектептері, спорт клубтары, жаттығу залдары, фитнес-орталықтар, спорттық-сауықтыру орталықтары және басқалар) жұмысына тыйым салынсын»;

11) 2-тармақтың 25) тармақшасынан кейін мынадай редакциядағы 25-1) тармақша толықтырылсын:

«25-1) санаторийлердің, демалыс базаларының жұмысын тоқтата тұру»;

12) 2-тармақтың 26) тармақшасынан кейін мынадай редакциядағы 26-1) тармақша толықтырылсын:

«26-1) профилактикалық егулерді қоспағанда, БМСК үйымдарында жоспарлы скринингтер мен профилактикалық тексерулер көрсетуді тоқтата тұру»;

13) 2-тармақтың 28) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«28) қоғамдық тамақтану объектілерінің қызметіне рұқсат беру, бір мезгілде 30 келушіден артық емес болу, 1 үстелде 4 адамнан артық болмау, үстелдер арасындағы қашықтық кемінде 2 метр, жұмыс күндері жұмыс режимін белгілей отырып, сағат 08:00-ден 21:00-ге дейін, салтанатты, отбасылық, естелік, ұжымдық іс-шараларды өткізбей, ҚР МСБК №57 талаптарын сақтай отырып, демалыс және мереке күндері тек шығарып салуға және жеткізуге жұмыс істеуге рұқсат етіледі.

14) 2-тармақтың 28) тармақшасынан кейін мынадай редакциядағы 28-1) тармақша толықтырылсын:

«28-1) қала сыртындағы жол бойындағы сервистің қоғамдық тамақтану объектілерінің жұмысына уақыт бойынша шектеусіз тек алып шығуға және жеткізуге рұқсат беру»;

15) 2-тармақтың 31) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«31) жұмыс режимін сағат 9-00-ден 21:00-ге дейін белгілей отырып, халықта байланыссыз қызметтер көрсету жөніндегі объектілердің (автожуу, шиномонтаж шеберханалары, автомобилдерді, тұрмыстық техниканы жөндеу, ателье және басқалар) қызметіне рұқсат беру»;

16) 2-тармақтың 36) тармақшасынан кейін мынадай редакциядағы 36-1) тармақша толықтырылсын:

«36-1) медициналық – әлеуметтік сала объектілерінің жұмысын карантин режиміне көшіру (қарттар мен мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған объектілер, балалар үйлері, балалар үйлері, әлеуметтік оңалту орталықтары, мүгедек балаларға арналған оқу орындары және басқалар)»;

17) 2-тармақтың 37) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«37) бассейндердің қызметіне тыйым салу»;

2. «Қостанай облысының бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 5.11.2020 жылғы № 54 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қостанай облысының бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің № 55 қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін күні және нөмірі «11.11.2020 ж. № 55» болып оқылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қостанай облысының  
бас мемлекеттік  
санитарлық дәрігері**



**В. Нечитайлұ**